

**Ірі қатысушыны шығаруды
шектеу.**

Сағындық Жалғас Сағатұлы
Ю(к)-301

Ресейдің сот тәжірибесі ірі қатысушыны шеттету жөніндегі шет елдік құқық тәртібінің жолымен келе жатыр.

Ұйымнан мәжбүрлеп шығару – ірі қатысушыны жазалау болып табылады. Алайда 50 %-дан жоғары үлеске ие қатысушыны шығару ұйымнан тоқтап қалуына алып келеді және осы заң нормасына қайшы келеді.

□ Осыған байланысты жарғылық капиталдың 50%-көп үлеске ие қатысушыны, қатысушылар құрамынан шығару, егер, ұйым қатысушылары оның жарғысы бойынша ұйымнан ерікті түрде шыға алмаған жағдайда ғана орын алады.

Тіпті бұл жағдайдың өзінде ұйымның тоқтап қалуына алып келмейді. Себебі, қалған қатысушылар шығып кеткен қатысушыға мүлкі шегінде салған салымының тең құны төленеді. Немесе заттай қайтарылуы мүмкін.

□

● ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ КОДЕКСІ.

● 1994-жылғы 27-желтоқсан.

● 67-бап. Қатысушының толық серіктестіктен шығуы

● 1. Толық серіктестіктің қатысушысы оның өзге де қатысушыларына заң құжаттарында немесе құрылтай шартында көзделген мерзімнен кешіктірмей ескерте отырып, серіктестіктен кез-келген уақытта шыға алады.

2. Егер қатысушы шығып кеткен уақытта толық серіктестік сақталып қалса, оның шығып кеткен күнінде жасалған балансқа сәйкес шығып кететін қатысушыға серіктестік мүлкіндегі үлесінің салған салымына тең құны төленеді. Қатысушының талабы бойынша және серіктестіктің келісуімен салымды толық немесе ішінара заттай түрде қайтарылуы мүмкін. Шығып кеткен қатысушыға оның осы жылы серіктестікте болған кезеңінде серіктестіктің сол жылы алған таза табысының оған тиесілі бір бөлігі де төленеді.

- Осындай шешімге қарсы дәйектерде бар, солардың ішінде мажоритарлы қатысушының ұйымды кез-келген теріс әрекеттер арқылы сақтап қалу мақсатында өз иммунитетін әділетсіз тұрғыда пайдалануын мысалға келтірсе болады. Жария компаниялардағы акционерлерге салымдарын қайтарып беру маңыздылығы сияқты, қатысушыға үлесін өтеп беру мажоритарлы қатысушының мүдделерін толық қорғамайды.

- Себебі, барлық қатысушылар қаржылық салымшылар болып табылмайды. Осы ой төңірегінде, ұйымның қаржысына маңызды қатысушы болу, құқыққа қайшы әрекеттер жасауға (карт-бланш) шектеусіз мүмкіндік бермейді деген, германдық соттардың, ұстанымдары бізге негізді болып табылады.

□ Ф.Х. Фраминьян Сантас, азшылық үлес иесі (миноритарий), өзінің үлесінің ұйымға пайдасыз бола тұра, (мысалы, 5 және 95%) ірі қатысушыны (мажоритарий)-ді, шектеу құқығына ие болуға міндетті деген ойға арнайы назар аударады. Автордың ойынша, мажоритарлы қатысушыны шектеуге тыйым салуды, көпшілік принципімен дәледеуге болмайды. Бұндай жағдайда қатысушылардың үлес мөлшері құқықтан жоғары

- ▣ Бұдан басқа, бұл бөліктің қолдану әдісінің тәжірибелік көзқарасын талдау қажет.
- ▣ Осылайша «иммунитет» ретінде ұйымның жарғылық капиталының 50%-үлесіне ие қатысушы болып табылады.
- ▣ Бұл ұстаным егер, қатысушылар қандайда бір дауыстардың тең емес орналасуы сияқты, қосымша құқықтарға ие болмаса, көп мөлшерде салым салған тұлғаға қалдыру қажет екендігін растайды.

Қосымша құқықтарға мысалы ретінде басқару құқығы, пайда алу, үлесті тарату: қатысушыға жарғылық капиталдағы қатысу мөлшеріне қарамастан, жалпы жиналыстың күн тәртібін бекіту, түскен табыстарды үлесіне сай бөлу, таратылған соң белгілі бір мүлікке болу (әрине, кредиторларды қанағаттандырып болған соң) құқықтары сияқты, қатысушыға заңмен рұқсат етілген құқықтарды атауға болады

- Қатысушының үлесі жарғылық капиталдың 50%-нан астамына ие болып, алайда, көпшілік дауыс миноритарлы қатысушыларға тиесілі болған секілді жағдайларды ескеруге болады. Олардың қайсыс шектеудің «иммунитетіне» ие? Үлестің басым пайызына ие қатысушыға беру қажет пе немесе нақты ұйымдық басқармаға беру қажет пе? Міне сол жауабы жоқ сұрақтар.

Айтылған мәліметтер бойынша, бұл негіз шектеулі болу қажет. Дәлел ретінде, жауапкер үлестің 50%-на ие және ұйым жарғысы ұйымнан шығудың еркіндігін негіздеуі, нақты мән-жәйларға байланысты қатысушыны шеттетуге жөніндегі талапты қанағаттандыруға кедергі болмауы тиіс.

Бұл орайда Ресейдің жауапкершілігі шекетулі қоғам туралы заңының 10-бабына сәйкес қатысушыны ұйымнан шеттету жазасы, қатысушының ұйымдағы қалыпты іс-әрекеттер жасауына кедергі келтіру болып табылады. Жарғылық капиталдың 90% үлесіне ие ие (ірі қатысушыны) шеттету – ұйымның іс-әрекеттерінің тоқтауына алып келеді.

Басқаша айтқанда, талапты қанағаттандырудан бас тартуға негіз ретінде ұйымның іс-әрекетінің тоқтап қалуына алып келуі. Бұндай жағдайда, талап қоюшы, осындай жағдайдың орын алмайтындығын негіздеп көрсетсе, (мысалы, жауапкердің ұйымнан шектелгендегі төлеуге міндетті үлестің мөлшерімен бірдей соммада кепілпұлды төлесе) ірі қатысушыны шектетуге болады.

0 Сот тәжірибесі мынадай жағдайды ескерген. Жауапкердің 90% пайызға ие қатысушыны шеттетудің мүмкін еместігін, сот, жағдайдың мән-жайы жауапкер әрекетінің, қоғамның таратылуына бағытталғаны, талапты қанағаттандыру ұйымды сақтап қалу және оның қызметін қалпына келтіруге бағытталғандығын болып табылатындығын көрсетіп берді.

- Осылайша, ірі қатысушының шеттету «иммунитеті», миноритарлы қатысушылардың мүдделерін едәуір бұзады, шектеу құқығының табиғатына сай негізделмеген және негізді тұрғыда шектелуі тиіс: егер, ұйымның жарғысында қатысушылардың шығудың еркіндігі көзделсе және жауапкер жарғылық капиталдың 50%-на ие болса, талапкерге жауапкерді шектеуге негіз табуға ғана уақыт берілмейді, сонымен қатар, жауапкерді ұйымнан шеттету негізінде ұйымнан тоқтап қалу қаупінің болдырмауына да уақыт береді.

24-бап. Серіктестіктің жарғылық капиталын құру мерзімдері

2. Жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген мерзімде барлық қатысушылар серіктестіктің жарғылық капиталына салымды толық енгізуге тиіс. Мұндай мерзім серіктестікті тіркеген күннен бастап бір жылдан аспауға тиіс.

26-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайтуға оны толық төлегеннен кейін рұқсат етіледі.

2. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын ұлғайту:

1) серіктестіктің барлық қатысушылары қосатын қосымша бара-бар салымдар;

2) жарғылық капитал мөлшерін серіктестіктің өз капиталы есебінен, оның ішінде өзінің резерв капиталының есебінен ұлғайту;

3) (алып тасталды)

4) бұған қалған барлық қатысушылар келіскен жағдайда бір немесе бірнеше қатысушының қосымша салымдар салуы;

5) серіктестік құрамына жаңа қатысушылар қабылдау (осы Заңның [22-бабы](#)) арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Жарғылық капитал мөлшері осы баптың 2-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген тәртіппен ұлғайтылған кезде қатысушылар үлестерінің мөлшері өзгермейді.

4. Жарғылық капитал жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың біреуі не жаңадан қабылданатын қатысушының қосымша жарна төлеуі арқылы ұлғайтылған кезде (осы баптың 2-тармағының 4) және 5) тармақшалары) мұндай салымның мөлшері серіктестіктің өз капиталына олардың осының алдындағы жарнасының мөлшерін және барлық қатысушылардың жарғылық капиталдағы үлестерін қайта есептеу қажеттігі ескеріле отырып белгіленеді.

Шешім барлық қатысушылардың жалпы келісімімен қабылданады.

27-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталын азайту

4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылдаған күннен бастап екі ай мерзім ішінде серіктестік өзінің барлық кредит берушілеріне жарғылық капиталдың азайтылғаны туралы жазбаша хабарлама жіберуге не серіктестіктер туралы мәліметтер жарияланатын ресми басылымда тиісті хабарландыру беруге міндетті. Серіктестіктің кредит берушілері хабарлама алған немесе хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде серіктестіктен қосымша кепілдіктер не серіктестіктің тиісті міндеттемелерді мерзімінен бұрын тоқтатуын немесе орындауын және зияндардың орнын толтыруын талап етуге құқылы. Талаптар серіктестікке жазбаша нысанда жіберіледі, ал олардың көшірмелері серіктестікті мемлекеттік тіркеуден өткізген органға ұсынылуы мүмкін.

5. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғылық капиталының азайтылуын серіктестікті мемлекеттік тіркеуден өткізген орган серіктестікке талаптар мәлімдеу үшін кредит берушілерге ұсынылған мерзім аяқталған соң тіркейді (осы баптың 4-тармағы). Егер серіктестікті мемлекеттік тіркеуден өткізген органға серіктестікке кредит берушілер талаптарының көшірмелері түссе, серіктестік осы талаптардың орындалғанының дәлелдерін ұсынған не мәлімдеген кредит берушілердің серіктестік жарғылық капиталының азайтылуын тіркеуге қарсылықтары болмаған жағдайда, жарғылық капиталдың азайтылуы тіркеледі.

6. Егер серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысы жарғылық капиталды азайту туралы шешім қабылдаған күннен бастап алты ай ішінде серіктестік қайта тіркеу туралы арыз бермесе не қажетті дәлелдер ұсынбаса (осы баптың 5-тармағы), жарғылық капитал азайтылмаған болып есептеледі. Бұл жағдайда жарғылық капиталды азайту осы баптың талаптары сақтала отырып серіктестікке қатысушылардың жалпы жиналысының жаңа шешімі бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік жарғылық капиталдың азайтылуына байланысты жарғылық капиталдың жаңа мөлшерінен асатын таза активтердің бір бөлігі шегінде ғана өз қатысушыларына төлемдер жасауға құқылы. Төлемдер жарғылық капиталдың азайтылуы тіркелген соң, серіктестік жарғысы немесе жалпы жиналыстың жарғылық капиталды азайту туралы шешімі белгілеген мерзімде, бірақ тіркеу кезінен бастап үш айдан кешіктірмей жасалады.

28-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушылардың үлестері

3. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің құрылтай құжаттары серіктестіктің бір қатысушысында болуы мүмкін үлестің ең көп мөлшерін шектей алады. Мұндай шектеуді белгілі бір қатысушы жөнінде белгілеуге болмайды. Сол сияқты құрылтай құжаттарында серіктестікке қатысушылар үлестерінің ара қатынасын өзгерту мүмкіндігі шектелуі мүмкін.

4. Жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің мүлкіндегі қатысушы үлесіне құқық заттық емес, міндеттемелік сипатта болады.

34-бап. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушыдан үлесті мәжбүрлеп сатып алу

1. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке қатысушы серіктестікке немесе оның қатысушыларына зиян келтірген жағдайда олар зиян келтірушіден зиянды өтеуді талап етуге құқылы.

2. Елеулі түрде зиян келтірілген жағдайда жауапкершілігі шектеулі серіктестік зиянды өтеу туралы талаппен қатар және зиян келтірген кінәлі қатысушының үлесін серіктестіктің мәжбүрлеп сатып алуы туралы мәселе қоюға, сондай-ақ оның қатысушылар құрамынан шығуын талап етуге құқылы.

3. Үлесті мәжбүрлеп сатып алу сот тәртібімен жүргізіледі.